

П. Бекетова, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ТЕЛЕРАДИО ЖУРНАЛИСТІНІҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Әр ұлт өзіне сай тіл мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері мен ережелерін қалыптастырған. Сол ережелерді бізге мұра етіп қалдырған ата-бабалар еңбегін ақтап жатқанымыз шамалы. Тіл мәдениеті әрбір сөз бен терминді орынды пайдалана білуден басталатыны белгілі. Ал бү-

гінгі дамыған заманда тіл мәдениетін жақсартуға қанша күш жұмылдырылса да, шала нәтижелері шығып жатыр. Соның бірі — БАҚ. Телеарна мен радиода берілетін бағдарлама, ақпараттық жаңалық, сұхбаттар және т. б. көптеген халық назарына ұсынылатын хабарларда журналистердің сөйлеу барысында жіберетін қателіктері аз емес. Қате болғанда ең елеусіз болып көрінетін, бірақ тіл мәдениетін көрер көзге бүлдіретін кемшіліктер. Біріншіден, сөздерді дұрыс оқымау. Мұның өзі — кемшіліктің ең үлкені. Екінші бір кемшілік — орыс сөздерін, орысша терминдерді жиі пайдалану. Хабарды түгел қазақша тыңдап отырғанда кенеттен «так», «и», «давай» және т. б. орысша сөздерді естіп қалатынымыз да рас. Орыс тілін қатар алып жүру, мүмкін, біздің арыла алмайтын әдетіміз шығар. Басқа барлық БАҚ-пен салыстырғанда әуе толқынынан берілетін хабардың адамзаттың сана-сезіміне әсер ету деңгейі әлдеқайда күшті. Өйткені радионың өзегі — сөз, тетігі — техника, құралы — дыбыс. «Радиодағы сөйлеушінің аузынан шыққан әрбір сөз аудиторияның назарына, яғни тыңдарманның құлағына ілігуі тиіс. Соның нәтижесінде тыңдаушының сөз болып жатқан мәселенің мәнін білуге деген қызығушылығы оянып, әрі қарай білген үстіне біле беруге деген талпынысы пайда болуы — шарт»¹.

Теле мен радио хабарларының ішіндегі ең жүгі ауыр ол — тікелей эфир. Аты айтып тұрғандай, тікелей болғандықтан болар, көп қателіктер дәл осы хабарларда орын алады. Теле, радио бағдарлама жүргізушісінің шешен болмауы, тәжірибесі аздығы немесе алдын-ала дайындалмағандығы салдарынан тіл шұбарланып, біршама қателіктер орын алып жатады. Бұл жерде жүргізушінің кескін-келбеті ғана емес, ой-өрісі, дүниетанымы, сауаттылығы сынға түседі.

Тікелей эфир жүргізуші журналист үшін өзге дүниені ұмытып, бар күш-жігер мен ақыл-ойды бір нысанаға бағыттайтын сәт болса, сол сәттегі эфир билеушісіне батылдық пен шапшаңдық, психологиялық еркіндік пен парасатты пайымды мөлдіретіп жеткізетін наркескен тіл керек екені ақиқат. «Сан мыңдаған, миллиондаған тыңдарманның көңілін аулап, жүрегін жаулап шешен сөйлеу де — үлкен өнер, өз ойыңды, сөзіңді кемел айта білу де — өнер. Тар уақытта, қысталаң шақта «қиыннан қиыстырып» сөз айтатын тікелей эфир жүргізушісі, ең алдымен, тыңдарман үшін, әр тыңдарманның талғамы үшін жұмыс істеп отырғанын ұмытпаған жөн»².

Теле немесе радио жүргізушісі сөйлеу барысында тұрақты тіркестерді дұрыс пайдалануы тиіс. Бұл дәл бүгінгі журналистер қауымына керек кеңестің бірі. Себебі, орынсыз айтылған тұрақты тіркес көрерменнің көңілін қалдыруы мүмкін. Қазір заман талабына сай жаңа ұғымдар, соған байланысты тың сөздер немесе көне сөздердің тосыннан байқалатын жаңа мағынасы көрініс беріп жатады. Сол сияқты, бұрыннан, айталық, біраздан бері қолданылып жүрген атауларға қатысты да ойласу қажеттігі туындайды.

Сөздердің өзара байланысындағы ежелден қалыптасқан жүйелі заңдылық бар. Бір сөз белгілі бір сөзбен ғана тіркеседі. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті әртүрлі: кейбір сөз аз сөзбен, кейбір сөз көп сөзбен тіркеседі. Тіркескен сөздер әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланыста жұмсалса ғана, айтылған ой өзгелерге барынша түсінікті болмақ. Содан барып келеді ой бас құрайды. «Сөз тіркесін стилистикалық тұрғыдан қарастырғанда, сөздер теңін тауып дұрыс тіркескен бе, жоқ па деген сұрақтарға жауап іздейміз. Егер сөйлемдегі сөздер өз теңін тауып, мағыналық, синтаксистік байланыста дұрыс тіркеспесе, айтылмақ ой түсініксіз болады не көмескіленіп тұрады»³.

Өкініштісі, мемлекетіміздегі телеарналар мен радиолардың бір-екеуі ғана толық қазақ тіліне көшкен болса, ал қалғандары қазақ тілімен қатар орыс тілін алып жүр. Бұл дегеніміз — қазақшылыққа жат әдеттер мен қоса тілдік қасиеттерімізді араластырып, тіпті ұмытып бара жатқанымыз. Сол бағдарламалардың кейбірін санамағанда, көбісінің берер тәрбиесі де көрінбейді. Сондықтан тек қана жаңалықтарды оқып, ұсынылатын әуендерді қазақша хабарлаудан басқа жаңашылдық ойлап, халықтың назарын аудару керек. Берілген эфир құнын жоғалтып, қадірін қашырып алмауы үшін тілдің жайын ойлаған жөн болар. Кәсіби деңгейдегі телеарна, яки радио өз тілін қастерлеген, салт-дәстүрді дәріптейтін болса, нұр үстіне нұр болатыны сөзсіз.

Кәсіби шеберліктің негізгі екі тетігі бар: біріншісі — тіл, екіншісі — тәртіп. Тіл — тікелей эфирдің лингвистикалық аспектісін айқындаса, тәртіп психологиялық аспектісін қам-

тиды. Тілді адам санасындағы ой иірімдері мен әр алуан психофизиологиялық құбылыстар арқылы қабылданатын ақпараттардың күрделі таңбалық көрінісі ретінде де тануға негіз бар⁴.

«Төртінші билік» саналатын бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі маңызы аса зор. «Ол хабар тарату, ақпарат беру, сөйтіп, қабылдаушы көрерменнің ой-санасына әсер ету сияқты басқа да қызметтерді атқарумен қатар сөйлеушінің тіл мәдениетіне де үлкен әсерін тигізеді, көрермен телехабарлар тілі арқылы бұрыннан бар және жаңадан қолданысқа енген ұғым-атаулармен, тілдік оралымдармен телехабарлар арқылы танысады»⁵.

Жылдар бойы қалыптасқан эфир заңдылықтары қазір техниканың мүмкіндіктеріне қарай жаңа көкжиектерге де жетіп отыр. Ақпарат пен озық технология ғасыры жұмыс істеймін деген адамға барлық жағдайды жасап отыр. Үнемі шығармашылық ізденіс үсінде жүретін журналистер үшін алынбайтын қамал жоқ. Ендігі мақсат тек тіліміздің қадір-қасиетін сақтап, оны өзге тілмен араластырмай, болашаққа еш кедергісіз жеткізу.

¹ *Омашев Н.* Радиожурналистика. — Алматы, 2005. 59-б.

² Көрсетілген жұмыс. 61-б.

³ *Бисмильдина Д.* Ресми телехабарлар тілі. — Астана, 2010. 28-б.

⁴ *Омашев Н.* Көрсетілген жұмыс.

⁵ *Бисмильдина Д.* Көрсетілген жұмыс. 51-б.